

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2020 жылдың 02 маусымындағы
№ 73 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2020 жылдың 03 тамызынан бастап
қолданысқа енгізілген

"Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелеріне,
олардың шоттарына, сауда-саттық
жүйелерін пайдаланушыларына, бағалы
қағаздар эмитенттеріне және қаржы
құралдарын код беру тәртібі туралы
НҰСҚАУЛЫҚ

Алматы қ.

2020

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2020 жылдың 08 қазанындағы № 136 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2020 жылдың 09 қазанынан бастап қолданысқа енгізілген.

2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2020 жылдың 22 қазанындағы № 142 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2020 жылдың 30 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілген.

3. № 3 толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2021 жылдың 21 қаңтарындағы № 4 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2021 жылдың 22 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген.

Осы Нұсқаулық "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) мүшелеріне және олардың шоттарына, сауда-саттық жүйелерін (бұдан әрі бірлесіп – сауда-саттық жүйесі деп аталатын) пайдаланушыларға, бағалы қағаздар эмитенттеріне және Биржаның қаржы құралдарына қысқартылған белгілер (бұдан әрі – кодтар) беру тәртібін анықтайды.

Кодтар Биржа мүшелерін, қаржы құралдарын және сауда-саттық жүйесіндегі пайдаланушыларды сәйкестендіру мақсатында, сондай-ақ Биржа тарататын ақпараттың мөлшерін оңтайландыру мақсатында Биржа ақпараттық қызметті жүзеге асырған кезде пайдаланылады.

Осы Нұсқаулықта қолданылатын терминдер осы Нұсқаулықта және Биржаның өзге де ішкі құжаттарында оларға берілген мағынада пайдаланылады.

1 бап. Биржа мүшелеріне берілетін кодтарға қойылатын талаптар

1. Сауда-саттыққа қатысушы ретінде Биржа мүшесіне кодты Биржа мүшелерінің мониторингін жүзеге асыратын биржа бөлімшесі мынадай тәртіппен береді:
 - 1) код латын әліпбиінің бас әріптері (осы тармақтың 4) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) пайдаланылатын бес символдан тұруы тиіс);
 - 2) код оның атауына қарай жасалуы тиіс және дыбысталуы бойынша оған жақын болуы тиіс;
 - 3) әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы Биржа мүшелерінің атаулары бірдей немесе ұқсас болса, Биржа мүшелерінің деректер кодтарында олардың ұйымдық-құқықтық нысанын көрсететін әріптерді пайдалануға жол беріледі;
 - 4) Биржа мүшесінің кодында сол жақтағы екінші позициядан бастап " _ " символын (астын сызу) пайдалануға жол беріледі;
 - 5) Биржаның әртүрлі мүшелеріне бірдей немесе араласып кету дәрежесіне дейін ұқсас кодтарды беруге тыйым салынады;
 - 6) Биржа мүшесінің атауы өзгерген кезде оған бұрын берілген код өзгертуге жатпайды.
2. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы ретінде Биржа мүшесінің кодын сауда-саттықты ұйымдастыруды жүзеге асыратын, Биржа бөлімшесі анықтайды және биржа:
 - 1) Биржа мүшесінің коды;
 - 2) " _ " (астын сызу) символы;
 - 3) "К" әрпі.
3. Биржа мүшелерінің мониторингін жүзеге асыратын Биржа бөлімшесі Биржа мүшесіне оны Биржа мүшелігіне қабылдау кезектілігіне сәйкес "валюта нарығы" және "деривативтер нарығы" санаттарындағы тіркеу нөмірін береді.

"Валюта нарығы" және "деривативтер нарығы" санаттарындағы Биржа мүшесінің тіркеу нөмірі үш саннан тұрады. Егер тіркеу нөмірі 100-ден кем болған жағдайда, онда мұндай Нөмірді білдіретін цифрлар осы цифрлардың жалпы саны үшеу болу үшін сол жақта бір немесе одан көп нөлдермен толықтырылады.
4. Сауда-саттыққа қатысушы және бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы болып табылатын Биржа мүшесіне осы баптың 1 және 2 тармақтарына сәйкес екі түрлі сәйкестендіру коды беріледі.

2 бап. Сауда-саттық жүйесін пайдаланушылардың кодтары

Сауда-саттық жүйесін пайдаланушылардың кодтары (бұдан әрі сауда-саттық жүйесін пайдаланушыға қатысты – қысқаша код) осы Нұсқаулықтың 1 және 2 қосымшаларында осындай пайдаланушыға қандай сауда-саттық жүйесіне қолжетімділік берілетініне байланысты анықталған.

2-1 бап. "Валюталық" санатындағы Биржа мүшелері клиенттерінің кодтары

1. "Валюталық" санатындағы Биржа мүшелері клиенттерінің кодтары бірінші және екінші деңгейде болуы мүмкін.
2. Бірінші деңгейдегі клиенттің коды мыналардан тұрады:
 - 1) бірінші деңгейдегі клиенттің мүддесін білдіретін Биржа мүшесінің сәйкестендіру кодының әріптеріне ұқсас және "_" (асты сызу) символына дейін орналасқан латын әліпбиінің бас әріптерінен (болған жағдайда);
 - 2) Биржа мүшесінің сәйкестендіру кодындағы әріптердің саны бес таңбадан аз болса, "0" саны (немесе бірнеше нөлдердің комбинациясы);
 - 3) "01" саны;
 - 4) Биржаның осындай мүшесінің деректеріне сәйкес бірінші деңгейдегі клиенттің реттік нөмірін білдіретін бес сан (осы баптың 4 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).
3. Екінші деңгейдегі клиенттің коды мыналардан тұрады:
 - 1) екінші деңгейдегі клиенттің мүдделерін білдіретін Биржа мүшесінің сәйкестендіру кодының әріптеріне ұқсас және "_" символына дейін орналасқан латын әліпбиінің бас әріптерін (асты сызып тастау) (ол болған жағдайда);
 - 2) Биржа мүшесінің сәйкестендіру кодындағы әріптердің саны бес таңбадан аз болса, "0" саны (немесе бірнеше нөлдердің комбинациясы);
 - 3) "02" саны;
 - 4) осындай Биржа мүшесінің деректеріне сәйкес екінші деңгейдегі клиенттің реттік нөмірін білдіретін бес сан (осы баптың 4 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).
4. Бірінші немесе екінші деңгейдегі клиенттің реттік нөмірі 10 000-нан кем болған жағдайда, онда осындай нөмірді білдіретін цифрлар осы цифрлардың жалпы саны бесеу болу үшін сол жақта бір немесе одан көп нөлдермен толықтырылады.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2020 жылдың 22 қазанындағы шешімімен енгізілген)

3 бап. Биржа мүшелерінің шоттарының кодтары

1. Осы баптың мақсаттары үшін:
 - 1) сауда-саттық шоты деп сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасасуға және есеп айырысуларға аударымдарды қамтамасыз ету және/немесе аударымдар бойынша операцияларды жүзеге асыруға шектелімдерді белгілеу үшін арналған, сауда-саттық жүйесін пайдаланушының (меншікті немесе клиенттік) шоты түсініледі;

- 2) клирингтік шот деп сауда-саттық жүйесінде мәмілелерді/есеп айырысуларға аудару операцияларын орындау және/немесе қамтамасыз етуді есепке алу және бақылау/қамтамасыз етудің белгіленген шектелімдерін орындау үшін пайдаланылатын ақпаратты есепке алуға арналған, сауда-саттық жүйесін пайдаланушының шоты түсініледі;
 - 3) сауда-саттық жүйесін пайдаланушысының сауда-клирингтік шоты деп сауда-саттық шотының жиынтығы болып табылатын және онымен клирингтік шоттың коды бойынша сәйкес келетін, сауда-саттық жүйесін пайдаланушысының шоты түсініледі;
 - 4) екінші деңгейдегі сауда-клирингтік шот деп мәмілелер жасасу және есеп айырысуларға аударымдар бойынша операцияларды жүзеге асыру және клирингтік шотына ол байланыстырылған бірінші деңгейдегі сауда-клирингтік шотынан белгіленген шектелімдерді бақылау үшін пайдаланылатын ақпаратты есепке алу үшін пайдаланылатын сауда-саттыққа қатысушының сауда-клирингтік шоты түсініледі;
 - 5) сауда-саттық жүйесін пайдаланушының клиенттік шоты деп сауда-саттық жүйесін пайдаланушылар өз клиентінің мүддесі үшін пайдаланатын шот түсініледі;
 - 6) сауда-саттық жүйесі пайдаланушысының жеке шоты деп сауда-саттық жүйесінің осы пайдаланушысының өз мүдделері үшін пайдаланатын шоты түсініледі;
 - 7) агрегацияланған клиенттік шот деп сауда-саттық жүйесіндегі клиенттік шоттары тиісті агрегацияланған клиенттік шотта есеп айырысу ұйымында ескерілетін ақшалай қамтамасыз етуді бөлу үшін ол пайдаланатын сауда-саттық жүйесін пайдаланушының шоты түсініледі.
2. Қор нарығының сауда-саттығына қатысушыларға мынадай сауда-клирингтік шоттар (бұдан әрі – бірінші деңгейдегі шоттар) ашылады:
 - 1) сауда-саттыққа қатысушы ретінде – бір меншікті, бір агрегацияланған клиенттік және саны шектелмеген клиенттік шоттар;
 - 2) бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушысы ретінде – бір біріктірілген клиенттік және саны шектелмеген клиенттік шоттар.
 3. Қор нарығының сауда-саттығына қатысушыларға олардың өтініштері негізінде екінші деңгейдегі сауда/клирингтік/сауда-клирингтік шоттарының шектеусіз саны ашылуы мүмкін.
 4. Қор нарығының сауда-саттығына қатысушының бірінші деңгейдегі шоттары кодтарының құрамдас символдары ретінде орталық депозитариймен жасалған сауда-саттықты ұйымдастырушыға қызмет көрсету туралы шартта көзделген форматта, соңғысы Биржаның сауда-саттық жүйесіне жіберетін, Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі тиісті қосалқы шоттардың он таңбалы нөмірлері пайдаланылады (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 22 қазанындағы шешімімен толықтырылған*).
 5. Қор нарығы сауда-саттығына қатысушының бірінші деңгейдегі меншікті шотының коды мыналардан тұрады (*осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 22 қазанындағы шешімімен толықтырылған*):
 - 1) "S" әрпі;

- 2) сатып алу-сату мәмілелерін жасасқан және Биржа орталық контрагент функциясын жүзеге асыратын репо операцияларын жүзеге асырған жағдайда "+" символы, немесе
сатып алу-сату мәмілелерін жасасқан және осындай операцияның затын сату бойынша репо операцияларын жүзеге асырған жағдайда "0" деген цифрлар немесе осындай операцияның затын сатып алу бойынша, Биржа орталық контрагент функциясын атқармайтын репо операцияларын жүзеге асырған жағдайда, "R" әрпі;
 - 3) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі меншікті қосалқы шотының он таңбалы нөмірі.
6. Қор нарығы сауда-саттығына қатысушының бірінші деңгейдегі клиенттік шотының коды мыналардан тұрады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 22 қазанындағы шешімімен толықтырылған)*:
- 1) "I" әрпі;
 - 2) сатып алу-сату мәмілелерін жасасқан және Биржа орталық контрагент функциясын жүзеге асыратын репо операцияларын жүзеге асырған жағдайда "+" символы, немесе
сатып алу-сату мәмілелерін жасасқан және осындай операцияның затын сату бойынша репо операцияларын жүзеге асырған жағдайда "0" деген цифрлар не осындай операцияның затын сатып алу бойынша Биржа орталық контрагент функциясын атқармайтын репо операцияларын жүзеге асырған жағдайда, "R" әрпі;
 - 3) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі тиісті клиенттік қосалқы шоттың он таңбалы нөмірі.
7. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесі пайдаланушысының бірінші деңгейдегі клиенттік шотының коды мыналардан тұрады:
- 1) "C" әрпі;
 - 2) сатып алу-сату мәмілелерін жасасқан және Биржа орталық контрагент функциясын жүзеге асыратын репо операцияларын жүзеге асырған жағдайда "+" символы, немесе
сатып алу-сату мәмілелерін жасасқан және осындай операцияның затын сату бойынша репо операцияларын жүзеге асырған жағдайда "0" деген цифрлар не осындай операцияның затын сатып алу бойынша, Биржа орталық контрагент функциясын атқармайтын репо операцияларын жүзеге асырған жағдайда "R" әрпі;
 - 3) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі тиісті клиенттік қосалқы шоттың он таңбалы нөмірі.
8. Қор нарығының сауда-саттығына қатысушының біріктірілген клиенттік шотының коды мыналардан тұрады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 22 қазанындағы шешімімен толықтырылған)*:
- 1) клиенттік шот сауда-саттыққа қатысушыға ашық болған жағдайда "L+" символдары немесе егер клиенттік шот Биржа орталық контрагент функцияларын жүзеге асыратын мәмілелерді жасасу мақсатында бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушыға ашылған жағдайда "K+" символдары;
немесе
клиенттік шот сауда-саттыққа қатысушыға ашылған жағдайда "L0" символдарын немесе клиенттік шот Биржа орталық контрагент функцияларын жүзеге асырмайтын мәмілелерді жасау мақсатында

бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушысына ашылған жағдайда "K0" символдарын;

- 2) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі сауда-саттыққа қатысушының тиісті меншікті қосалқы шотының он таңбалы нөмірі.
9. Биржа орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын мәмілелерді жасасу үшін пайдаланылатын қор нарығының сауда-саттығына қатысушының екінші деңгейдегі меншікті шотының коды мыналардан тұрады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 22 қазанындағы шешімімен толықтырылған)*:
- 1) "S+" символдары;
 - 2) сауда-саттық шотының екінші деңгейін білдіртін, "2" саны;
 - 3) екінші деңгейдегі шоттың реттік нөмірін білдіретін екі сан (осы баптың 11 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);
 - 4) осындай шот тиесілі сауда-саттыққа қатысушының сәйкестендіру кодының бірінші екі әрпіне ұқсас латын әліпбиінің алғашқы екі әрпі (осы баптың 12 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);
 - 5) сауда-саттыққа қатысушының бірінші деңгейдегі жеке шотының соңғы бес нөліне сәйкес келетін бес нөл.

Қор нарығы сауда-саттығына қатысушының екінші деңгейдегі жеке сауда-клирингілік шоты екінші деңгейдегі меншікті сауда-клирингілік шотынан жасалған мәмілелерді/есеп айырысуларға аударымдарды орындау үшін пайдаланылатын сауда-саттыққа қатысушының бірінші деңгейдегі меншікті клирингілік шотына байланыстырылады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 22 қазанындағы шешімімен толықтырылған)*.

10. Қор нарығының сауда-саттығына қатысушының екінші деңгейдегі клиенттік шотының коды мыналардан тұрады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 22 қазанындағы шешімімен толықтырылған)*:
- 1) сатып алу-сату мәмілелерін жасасқан және Биржа орталық контрагент функциясын атқаратын репо операцияларын жүзеге асырған жағдайда, "I+" символдары, немесе
сатып алу-сату мәмілелерін жасасқан және осындай операцияның затын сату бойынша репо операцияларын жүзеге асырған жағдайда "IO" нышандары не осындай операцияның затын сатып алу бойынша Биржа орталық контрагент функциясын атқармайтын репо операцияларын жүзеге асырған жағдайда, "IR" символдары;
 - 2) клиенттің шотының реттік нөмірін білдіретін цифрлар;
 - 3) сауда-саттыққа қатысушының осындай шот ашылатын сәйкестендіру кодының алғашқы екі әрпіне ұқсас латын әліпбиінің алғашқы екі әрпін (осы баптың 12 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);
 - 4) бақылау және қамтамасыз ету жүйесі пайдаланушысының сәйкестендіру кодының бірінші екі әрпіне ұқсас латын әліпбиінің бірінші екі әрпінің клирингілік шотына екінші деңгейдегі шот байланатын (осы баптың 12 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);
 - 5) екінші деңгейдегі шот байланыстырылатын бақылау және қамтамасыз ету жүйесі пайдаланушысының клирингілік шотының соңғы бес цифрына сәйкес келетін бес саннан тұрады.

Қор нарығы сауда-саттығына қатысушының екінші деңгейдегі клиенттік сауда-клирингілік шоты бақылау және қамтамасыз ету жүйесін

пайдаланушының бірінші деңгейдегі клиенттік клирингілік шотына немесе сауда-саттыққа қатысушыдан берілген өтінішке сәйкес және екінші деңгейдегі клиенттік сауда-клирингілік шоттан жасалған мәмілелерді/есеп айырысуларға аударымдарды орындау үшін пайдаланылатын сауда-саттыққа қатысушының бірінші деңгейдегі клирингілік шотына байланыстырылады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 22 қазанындағы шешімімен толықтырылған)*.

10-1. Валюта нарығының сауда-саттығына қатысушының өз шотының коды мыналардан тұрады:

- 1) "S" бас әрпі;
- 2) "+" символы;
- 3) "FX" бас әріптері;
- 4) Биржа мүшесінің тіркеу нөмірін білдіретін үш сан (осы баптың 12-1 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);
- 5) бес нөлден.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 22 қазанындағы шешімімен енгізілген)

10-2. "Валюталық нарық" санатындағы сауда-саттыққа қатысушының агрегацияланған клиенттік шотының коды мыналардан тұрады:

- 1) "L" бас әрпі;
- 2) "+" символы;
- 3) "FX" бас әріптері;
- 4) Биржа мүшесінің тіркеу нөмірін білдіретін үш сан (осы баптың 12-1 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);
- 5) бес нөлден.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 22 қазанындағы шешімімен енгізілген)

11. Егер екінші деңгейдегі шоттың реттік нөмірін білдіретін цифрлар саны 10-нан кем болған жағдайда, мұндай нөмірді білдіретін сан сол жақта нөлмен толықтырылады.

12. Егер сауда-саттыққа екі және одан да көп қатысушы сәйкестендіру кодтарында латын әліпбиінің алғашқы екі әрпімен бірдей болған жағдайда, сауда-саттыққа осындай қатысушының екінші деңгейдегі шотын сәйкестендіру мақсатында дыбысы бойынша оның атауына жақындатылған латын әліпбиінің өзге екі әрпін пайдалануға жол беріледі.

12-1. Биржа мүшесінің тіркеу нөмірі 100-ден кем болса, онда осындай нөмірді білдіретін цифрлар осы цифрлардың жалпы саны үшеу болу үшін сол жақта бір немесе одан көп нөлдермен толықтырылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 22 қазанындағы шешімімен енгізілген)*.

13. Деривативтер нарығында пайдаланылатын сауда-саттыққа қатысушылардың (меншікті немесе клиенттік) шот кодтары мыналардан тұрады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 22 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*:

- 1) сауда-саттық жүйесінің параметрлеріне сәйкес нарықтың бір әріптік белгіленуі;
- 2) "_" (астын сызу) символы;
- 3) Биржа мүшесінің тіркеу нөмірін білдіретін үш сан;

- 4) "_" (астын сызу) символы;
- 5) шоттың реттік нөмірін білдіретін төрт сан.

4 бап. Мемлекеттік емес бағалы қағаздар эмитенттерінің¹ кодтары

1. Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын, мемлекеттік емес бағалы қағаздар эмитенттерінің кодтарында ISO 3166-1 ("KZ") халықаралық стандартына сәйкес Қазақстан Республикасының екі әріптік алфавиттік коды және "_" (астын сызу) символы пайдаланылмайды.
2. Қазақстан Республикасының резиденті емес мемлекеттік емес бағалы қағаздар эмитентінің коды мыналардан тұрады:
 - 1) ISO 3166-1 халықаралық стандартына сәйкес осы эмитент заңды тұлға болып табылатын мемлекеттің екі әріптік алфавиттік коды;
 - 2) "_" (астын сызу) символы;
 - 3) осы эмитенттің сәйкестендіру коды.
3. Мемлекеттік емес бағалы қағаздар эмитентіне сәйкестендіру кодын бағалы қағаздар листингіне жауапты Биржа бөлімшесі (бұдан әрі – листинг бөлімшесі) былайша береді:
 - 1) осы эмитенттің сәйкестендіру коды латын әліпбиінің бас әріптері ретінде пайдаланылатын төрт символдан тұрады;
 - 2) осы эмитенттің сәйкестендіру коды оның атауына қарай жасалады және дыбысталуы бойынша оған жақын болуы тиіс;
 - 3) осы эмитенттің сәйкестендіру кодында сол жақтағы екінші позициядан бастап "_" (астын сызу) символдарын пайдалануға жол беріледі;
 - 4) осы эмитент банк болып табылса, онда, әдетте, оның сәйкестендіру кодында үшінші және төртінші позицияларда сол жақта "BN" әріптері болуы тиіс";
 - 5) осы эмитент жинақтаушы зейнетақы қоры болып табылса, онда, әдетте, оның сәйкестендіру кодында үшінші және төртінші позицияларда сол жақта "PF" әріптері болуы тиіс";
 - 5-1) осы эмитент микроқаржы ұйымы болып табылса, онда, әдетте, оның сәйкестендіру кодында бірінші және екінші позицияларда сол жақта "MF" әріптері болуы тиіс" (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 08 қазанындағы шешімімен енгізілген*);
 - 6) мемлекеттік емес бағалы қағаздардың әртүрлі эмитенттерге бірдей немесе араласып кету дәрежесіне дейін ұқсас сәйкестендіру кодтарын беруге тыйым салынады;
 - 7) мемлекеттік емес бағалы қағаздар эмитентінің (басқарушы компаниясының) атауы өзгерген кезде осы бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашысының бастамасы бойынша осы эмитентке (басқарушы компанияға) бұрын берілгеннен өзгеше басқа сәйкестендіру коды берілуі мүмкін (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 08 қазанындағы шешімімен өзгертілген*).

¹ Мұнда және бұдан әрі қарай бағалы қағаздар деп тек эмиссиялық бағалы қағаздар түсініледі.

5 бап. Мемлекеттік емес бағалы қағаздардың кодтары

1. Мемлекеттік емес бағалы қағаздарға кодтарды листинг бөлімшесі былайша береді:
 - 1) жай акциялардың коды ретінде олардың эмитентінің коды тікелей пайдаланылады;
 - 2) артықшылықты акциялардың коды мыналардан тұрады:
осы акциялар эмитентінің коды;
"р"² әрпі;
 - 3) эмитенті заңды тұлға болып табылатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған облигациялардың немесе өзге де борыштық бағалы қағаздардың коды мыналардан тұрады:
осы облигациялар (өзге борыштық бағалы қағаздар) эмитентінің коды;
"b"³ әрпі;
Биржаның деректеріне сәйкес осы облигациялар (өзге борыштық бағалы қағаздар) шығарылымының реттік нөмірін білдіретін, цифрлар;
 - 4) басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған облигациялардың немесе өзге де борыштық бағалы қағаздардың (заңды тұлғасы осы облигациялардың (өзге де борыштық бағалы қағаздардың) эмитенті болып табылатын мемлекетке қатысты) коды мыналардан тұрады:
осы облигациялар (өзге борыштық бағалы қағаздар) эмитентінің коды;
"e"⁴ әрпі;
Биржаның деректеріне сәйкес осы облигациялар (өзге борыштық бағалы қағаздар) шығарылымының реттік нөмірін білдіретін, цифрлар;
 - 5) арнайы кәсіпорын⁵ шығарған облигациялардың немесе өзге де борыштық бағалы қағаздардың коды мыналардан тұрады:
осы облигациялар (өзге де борыштық бағалы қағаздар) бойынша міндеттемелерді орындаудың кепілгері және осындай арнайы кәсіпорынның жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы, акционері) болып табылатын ұйымның коды;
"e"⁴ әрпі;
Биржаның деректеріне⁶ сәйкес осы облигациялар (өзге борыштық бағалы қағаздар) шығарылымының реттік нөмірін білдіретін, цифрлар;
 - 6) инвестициялық үлеспұл қорының, акционерлік инвестициялық қордың және жылжымайтын мүлік қорының бағалы қағаздарының коды мыналардан тұрады:

² Ағылшын тіліндегі "preference" және "preferred" ("артықшылықты") сөздерінің қысқартылуы.

³ Ағылшын тіліндегі "bond" ("облигация") сөзінен.

⁴ Ағылшын тіліндегі "eurobond" ("еурооблигация") сөзінің қысқартылуы.

⁵ Ағылшын тіліндегі "арнайы жұмыс" тіркесінің аудармасы (жалпы қабылданған аббревиатура – "SPV"), мұндай ұғым "Листингілік ережелер" атты Биржаның ішкі құжатында анықталғандай.

⁶ Арнайы кәсіпорындардың облигациялары шығарылымдарының реттік нөмірлерін анықтау мақсатында Биржа арнайы кәсіпорын шығарған облигациялардың эмитенті ретінде осы облигациялар бойынша міндеттемелерді орындаудың кепілі және осындай арнайы кәсіпорынның жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы, акционері) болып табылатын ұйымды қарастырады.

бағалы қағаздардың эмитенті болып табылатын басқарушы компанияның коды;

осы қорды білдіретін кіші әріптердің және/немесе цифрлардың бірегей үйлесімі;

(Осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 08 қазанындағы шешімімен өзгертілген)

7) сукук облигацияларының коды мыналардан тұрады:

осы облигациялар эмитентінің коды;

"s" әрпі;

Биржаның мәліметтеріне сәйкес осы облигациялар шығарылымының реттік нөмірін білдіретін, цифрлар;

8) банктік депозиттік сертификаттардың коды мыналардан тұрады:

осы сертификаттар эмитентінің коды;

"cd"⁷ әрпі;

Биржа беретін, осы сертификаттар шығарылымының реттік нөмірін білдіретін, цифрлар *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 08 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;

9) ETF бағалы қағаздарының коды мыналардан тұрады:

осы ETF бағалы қағаздарының эмитенті болып табылатын, инвестициялық қордың коды;

осындай ETF-ті білдіретін кіші әріптердің және/немесе цифрлардың бірегей тіркесімі;

(Осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 08 қазанындағы шешімімен енгізілген)

10) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің коды мыналардан тұрады:

жарғылық капиталындағы қатысу үлестері сатуға ұсынылатын, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің⁸ коды;

"_" (астын сызу) символы;

"pm"⁹ әріптері"

(Осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 08 қазанындағы шешімімен енгізілген)

1-1. Егер мемлекеттік емес бағалы қағаздар Дүниежүзілік биржалар Федерациясының (World Federation of Exchanges) толық мүшесі болып табылатын қандай да бір шетелдік қор биржасының ресми тізімінде немесе London Stock Exchange Group (London Stock Exchange and Borsa Italiana SpA) немесе Astana International Exchange ресми тізімінде тұрған жағдайда, осы бағалы қағаздардың кодында жоғарыда көрсетілген биржалардың біріне берілген кодтың әріптік мәндерін пайдалануға жол беріледі *(осы*

⁷ Ағылшын тіліндегі "депозит сертификаты" ("депозит сертификаты") сөздерінің қысқаруы.

⁸ Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің коды мемлекеттік емес бағалы қағаздар эмитенттеріне код беру тәртібіне ұқсас тәртіппен беріледі *(осы сілтеме Биржа Басқармасының 2020 жылдың 08 қазанындағы шешімімен енгізілді)*.

⁹ "Private market" ("KASE Private Market алаңы") ағылшын сөздерін қысқарту *(осы сілтеме Биржа Басқармасының 2020 жылдың 08 қазанындағы шешімімен енгізілді)*.

тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 08 қазанындағы шешімімен енгізілген).

2. Биржа арқылы жекешелендірілетін акциялардың мемлекеттік пакетінің құрамына кіретін мемлекеттік емес бағалы қағаздардың кодын листинг бөлімшесі береді және ол мыналардан тұрады:
 - 1) егер осы бағалы қағаздар орталық депозитарийде ашылған жеке шотта есепке алынса, "NZ" әріптері;
 - 2) "_" (астын сызу) символы;
 - 3) осы бағалы қағаздар эмитентінің коды;
 - 4) бағалы қағаздардың деректерін неғұрлым дәл сәйкестендіру қажет болған кезде – "_" (астын сызу) символдары және осындай сәйкестендіруге арналған символдар жиынтығы.
3. Екінші ISIN бар облигацияларға немесе өзге де борыштық бағалы қағаздарға арналған кодты Ақпарат және статистика бөлімшесі KASE BackOffice System ақпараттық жүйесіне сауда-саттық бөлімшесінің электрондық хабарламасы негізінде енгізеді:

мұндай бағалы қағаздарды айналысқа жіберу кезінде листинг бөлімшесі бұрын берген осындай бағалы қағаздың коды;

«_» (астын сызу) символы;

"A" әрпі.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 08 қазанындағы шешімімен енгізілген)

6 бап. Базалық активі мемлекеттік емес бағалы қағаздар болып табылатын туынды бағалы қағаздардың (фьючерстерді қоспағанда, туынды қаржы құралдарының) кодтары

1. Қазақстандық депозитарлық қолхаттарға кодты листинг бөлімшесі береді және ол мыналардан тұрады:
 - 1) "KDR"¹⁰ әріптері;
 - 2) "_" (астын сызу) символы;
 - 3) осы Нұсқаулықтың 5 бабының 1 тармағына сәйкес анықталған осы қолхаттардың базалық активі ретінде пайдаланылатын мемлекеттік емес бағалы қағаздардың коды;
 - 4) қолхаттардың деректерін неғұрлым дәлірек сәйкестендіру қажет болған кезде – "_" (астын сызу) символдары және осындай сәйкестендіруге арналған символдар жиынтығы.
2. Базалық активі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес бағалы қағаздар болып табылатын, қазақстандық депозитарлық қолхаттардан басқа, өзге де туынды бағалы қағаздардың (фьючерстерді қоспағанда, туынды қаржы құралдарының) кодын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан басқа өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес (оның ішінде бірнеше атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздарды) оларға Биржаның листинг бөлімшесі береді және олар мыналардан тұрады:

¹⁰ "Kazakhstan depositary receipt" ағылшын сөз тіркесінің аббревиатурасы ("өзақстандық депозитарлық қолхат") *(осы сілтеменің нөмірі Биржа Басқармасының 2020 жылдың 08 қазанындағы шешімімен өзгертілді).*

- 1) осы бағалы қағаздар (қаржы құралдары) эмитентінің коды; немесе бағалы қағаздарды (қаржы құралдарын) осындай арнайы кәсіпорын шығарған болса, осы бағалы қағаздар (қаржы құралдары) бойынша міндеттемелерді орындаудың кепілі және арнайы кәсіпорынның жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы, акционері) болып табылатын, ұйымның коды;
- 2) "d"¹¹ әрпі.

7 бап.

Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған бағалы қағаздардың кодтары

1. Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған бағалы қағаздарға кодты Биржаның листинг бөлімшесі береді және ол мыналардан тұрады:
 - 1) "KZ" әріптері;
 - 2) "_" (астын сызу) символы;
 - 3) осы бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірін білдіретін екі саннан тұрады (осы баптың 2-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);
 - 4) "_ " (астын сызу) символы;
 - 5) осы бағалы қағаздарды өтеу жылының соңғы екі цифраны білдіретін екі цифра;
 - 6) осы бағалы қағаздарды өтеу айының реттік нөмірін білдіретін екі цифра (осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).
2. Егер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірі 10-нан кем болған жағдайда, осындай нөмірді білдіретін сан сол жақта нөлмен толықтырылады.

Егер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған бағалы қағаздарды өтеу айының реттік нөмірі 10-нан кем болған жағдайда, осындай нөмірді білдіретін сан сол жақтағы нөлмен толықтырылады.

8 бап.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған бағалы қағаздардың кодтары

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған бағалы қағаздарға кодты Биржаның ақпарат және статистика бөлімшесі осы бағалы қағаздардың шығарылуына байланысты Биржаның сауда-саттық жүйесін баптаған кезде береді және мыналардан тұрады:
 - 1) осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелері (МЕККАМ) қатарына жататын болса, латын әліпбиінің "MKM" бас әріптерін; немесе

¹¹ Ағылшын тіліндегі "derivative" ("туынды") (*осы сілтеменің нөмірі Биржа Басқармасының 2020 жылдың 08 қазанындағы шешімімен өзгертілді*).

осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерінің қатарына жататын болса (МЕОКАМ); немесе

осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелерінің қатарына жататын болса (МЕУКАМ); немесе

осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелерінің қатарына жататын болса (МОИКАМ); немесе

осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелерінің қатарына жататын болса (МУИКАМ); немесе

осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақ қазынашылық міндеттемелерінің қатарына жататын болса (МЕУЖКАМ);

осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының мемлекеттік арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерінің қатарына жататын болса, "ХОК" латын әліпбиінің бас әріптері (МАОКАМ);

- 2) осы бағалы қағаздардың айлармен айналыс мерзімін белгілейтін үш цифра (осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);
 - 3) "_ " (астын сызу) символы;
 - 4) осы бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірінің соңғы төрт цифрасы (осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағалы қағаздарының айналыс мерзімі 100 айдан кем болған жағдайда, осындай мерзімді білдіретін цифрлар осы цифрлардың жалпы саны үшеу болу үшін сол жақта бір немесе одан да көп нөлдермен толықтырылады.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірі 1 000-нан кем болған жағдайда, осындай нөмірді білдіретін цифрлар сол жақта бір немесе одан да көп нөлдермен осы сандардың жалпы саны төрт болуы үшін толықтырылады.

9 бап.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздарының кодтары

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздарына кодты Биржаның ақпарат және статистика бөлімшесі осы бағалы қағаздардың шығарылуына байланысты Биржаның сауда жүйесін баптаған кезде береді және мыналардан тұрады.:
 - 1) "NT"¹² әріптері;
 - 2) осы бағалы қағаздар номинацияланған валютаның бір әріптік белгісі (осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);
 - 3) осы бағалы қағаздардың күнмен айналыс мерзімін білдіретін үш цифра (осы баптың 3 тармағының бірінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);

¹² Ағылшын тіліндегі "note" ("нота") сөзінің шартты қысқартылуы (*осы сілтеменің нөмірі Биржа Басқармасының 2020 жылдың 08 қазанындағы шешімімен өзгертілді*).

- 4) "_" (астын сызу) символы;
 - 5) осы бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірінің соңғы төрт цифрасы (осы баптың 3 тармағының екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздары номиналданған валютаның бір әріптік белгілері ретінде мынадай әріптер пайдаланылады:
- 1) "E" – еуроны белгілеу үшін;
 - 2) "J" – жапон йенасын белгілеу үшін;
 - 3) "K" – қазақстандық теңгені белгілеу үшін;
 - 4) "U" – АҚШ долларын белгілеу үшін.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздарының айналыс мерзімі 100 күннен кем болған жағдайда, осындай мерзімді білдіретін цифрлар осы цифрлардың жалпы саны үшеу болу үшін сол жақта бір немесе одан да көп нөлмен толықтырылады.
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірі 1 000-нан кем болған жағдайда, осындай Нөмірді білдіретін цифрлар осы цифрлардың жалпы саны төрт болуы үшін сол жақта бір немесе одан да көп нөлдермен толықтырылады.

10 бап.

Жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздарының кодтары

1. Жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздарына кодты Биржаның листинг бөлімшесі береді және ол мыналардан тұрады:
 - 1) осы бағалы қағаздардың эмитенті болып табылатын жергілікті атқарушы органның екі әріптік коды (осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);
 - 2) осы бағалы қағаздар номинацияланған валютаның бір әріптік белгісі (осы Нұсқаулықтың 9 бабының 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);
 - 3) осы бағалы қағаздардың айлармен айналыс мерзімін белгілейтін үш цифра (осы баптың 3 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);
 - 4) "_" (астын сызу) символы;
 - 5) осы бағалы қағаздардың халықаралық сәйкестендіру кодының соңғы бір цифрасының алдындағы үш цифрға сәйкес келетін үш цифра.
2. Жергілікті атқарушы органдардың екі әріптік кодтары ретінде жергілікті атқарушы орган жататын, Қазақстан Республикасының өңіріне қарай мынадай әріптік комбинациялар пайдаланылады:
 - 1) "NS" – Нұр-сұлтан қаласының жергілікті атқарушы органын белгілеу үшін;
 - 2) "AL" – Алматы қаласының жергілікті атқарушы органын белгілеу үшін;
 - 3) "AK" – Ақмола облысының жергілікті атқарушы органын белгілеу үшін;
 - 4) "AB" – Ақтөбе облысының жергілікті атқарушы органын белгілеу үшін;
 - 5) "AT" – Алматы облысының жергілікті атқарушы органын белгілеу үшін;
 - 6) "AR" – Атырау облысының жергілікті атқарушы органын белгілеу үшін;

- 7) "VK" – Шығыс Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органын белгілеу үшін;
 - 8) "DZ" – Жамбыл облысының жергілікті атқарушы органын белгілеу үшін;
 - 9) "ZK" – Батыс Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органын белгілеу үшін;
 - 10) "KG" – Қарағанды облысының жергілікті атқарушы органын белгілеу үшін;
 - 11) "KO" – Қызылорда облысының жергілікті атқарушы органын белгілеу үшін;
 - 12) "KS" – Қостанай облысының жергілікті атқарушы органын белгілеу үшін;
 - 13) "MG" – Маңғыстау облысының жергілікті атқарушы органын белгілеу үшін;
 - 14) "PV" – Павлодар облысының жергілікті атқарушы органын белгілеу үшін;
 - 15) "SK" – Солтүстік Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органын белгілеу үшін;
 - 16) "TK" – Түркістан облысының жергілікті атқарушы органын белгілеу үшін;
 - 17) "SH" – Шымкент қаласының жергілікті атқарушы органын белгілеу үшін.
3. Жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздарының айналыс мерзімі 100 айдан кем болған жағдайда, осындай мерзімді білдіретін цифрлар осы цифрлардың жалпы саны үшеу болу үшін сол жақта бір немесе одан да көп нөлдермен толықтырылады.

11 бап.

Шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздардың кодтары

1. Шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздарға кодты листинг бөлімшесі береді және мыналардан тұрады:
 - 1) ISO 3166-1 халықаралық стандартына сәйкес осы бағалы қағаздардың эмитент-мемлекетінің екі әріптік алфавиттік коды;
 - 2) "_" (астын сызу) символы;
 - 3) осы бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірін білдіретін екі цифра (Биржаның нөмірленуіне сәйкес);
 - 4) "_" (астын сызу) символы;
 - 5) осы бағалы қағаздарды өтеу жылының соңғы екі цифрын білдіретін екі цифра;
 - 6) осы бағалы қағаздарды өтеу айының реттік нөмірін білдіретін екі цифрдан тұрады (осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).
2. Шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеу айының реттік нөмірі 10-нан кем болған жағдайда, осындай нөмірді білдіретін цифра сол жақтан нөлмен толықтырылады.

12 бап. Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының кодтары

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Халықаралық қаржы ұйымы шығарған бағалы қағаздарға кодты Биржаның листинг бөлімшесі береді және мыналардан тұрады
 - 1) осы бағалы қағаздардың эмитенті – халықаралық қаржы ұйымының төрт таңбалы коды (осы баптың 3 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);
 - 2) "b" әрпі (немесе сукук облигациялары үшін "s" әрпі);
 - 3) Биржаның деректеріне сәйкес осы бағалы қағаздардың реттік нөмірін білдіретін цифрлар.
2. Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес Халықаралық қаржы ұйымы шығарған бағалы қағаздарға кодты Биржаның листинг бөлімшесі береді және ол мыналардан тұрады:
 - 1) осы бағалы қағаздардың эмитенті – халықаралық қаржы ұйымының төрт таңбалы коды (осы баптың 3 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);
 - 2) "e" әрпі (немесе сукук облигациялары үшін "s" әрпі);
 - 3) Биржаның деректеріне сәйкес осы бағалы қағаздардың реттік нөмірін білдіретін цифрлар.
3. Халықаралық қаржы ұйымдарының төрт таңбалы кодтары ретінде мынадай символдық комбинациялар пайдаланылады:
 - 1) "ASDB" – Азия Даму Банкі белгілеу үшін (Asian Development Bank);
 - 2) "AFDB" – Африка даму банкі белгілеу үшін (African Development Bank);
 - 3) "BIS_" – Халықаралық есеп айырысу банкі белгілеу үшін (Bank for International Settlements);
 - 4) "CEB_" – Еуропалық Кеңестің Даму Банкі белгілеу үшін (Council of Europe Development Bank);
 - 5) "EABR" – Еуразиялық даму банкі белгілеу үшін;
 - 6) "EBRD" – Еуропалық қайта құру және даму банкі белгілеу үшін (European Bank for Reconstruction and Development);
